Әділет

# 2012 жылға төлемді қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 23 желтоқсандағы N 938 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Аягөз аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 26 қаңтарда N 5-6-153 тіркелді. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы N 676 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2012.12.14 N 676 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Заңының 31 бабы 1 тармағының 13) тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабы 5) тармақшасы, 20 бабы, Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 2 бабы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 « Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру ережесі негізінде, жұмысқа орналасуда қиыншылық көріп отырған халықтың әр түрлі топтарын қолдау мақсатында Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2012 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізімі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі, қаржыландыру көздері және нақты жағдайлары бекітілсін.

2. Қатысушылардың еңбекақысының мөлшері жоғары радиациялық қауіпті аймақта тұрғаны үшін қосымша төлеммен 2012 жылға белгіленген бір ең төменгі еңбекақы мөлшерінде бекітілсін.

3. Ұйым басшыларына жұмыскерлердің жекелеген санатына (кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерге, көп балалы аналарға, он сегіз жасқа толмаған тұлғаларға, мүгедектерге) толық емес жұмыс күнмен жұмыс істеуге мүмкіншілік

беру, сондай-ақ жұмыс уақытын ұйымдастырудың икемді түрлерін қолдану ұсынылсын.

4. Аягөз ауданы әкімдігінің 2010 жылдың 12 қарашадағы № 224 «2011 жылға төлемді қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы» (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-6-125 2010 жылдың 10 желтоқсанында тіркелген, «Аягөз жаңалықтары» газетінің 2010 жылғы 25 желтоқсандағы № 72 (9976) санында жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары М. Төлегеновке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аягөз ауданының әкімі* *Ә. Мұхтарханов*

Аягөз ауданының әкімдігінің 2011 жылғы 23 желтоқсандағы № 938 қаулысымен бекітілген

## 2012 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізімі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі, қаржыландыру көздері және нақты жағдайлары

| № р/р | Ұйымдар аты | Қоғамдық жұмыс түрлері | Атқарылатын жұмыстар көлемі | Сұраныс (жарияланған қажеттілік) | Ұсыныс (бекітілген) | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Аумақ тазалығы, қоғамдық науқандық жұмыстар, экологиялық сауықтыру, мекеме тазалығы, құрылысқа қатысу, жол жөндеу, әлеуметтік мәдени объектілерді жөндеуге қатысу, мерзімді жылыту, шаруашылық жұмыс | 1332 шаршы метр, бокс 50 шаршы метр, аумақ 512 шаршы метр, газон 464 шаршы метр, шырша ауданы 1160 шаршы метр, 500 шаршы метр, 968 шаршы метр | 6<br>6<br>1 2 | 6<br>6<br>1 2 | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ақтоғай кенттік округі мемлекеттік мекеме<br>Айғыз ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Ақшәулі ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Ақшатау ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Ақши ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Байқошқар ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Баршатас ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Бидайық ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Емелтау ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Қарағаш ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Қопа ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Қосағаш ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Мәдениет ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Майлин ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Мыңбұлақ ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Малкелді ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Мамырсу ауылдық округі мемлекеттік мекеме | - / / -<br>- / / -<br>- / / - | - / / -<br>- / / -<br>- / / - | 6<br>6<br>6<br>6<br>6<br>6<br>6<br>6<br>6<br>6<br>6 | 6<br>6<br>6<br>6<br>6<br>6<br>6<br>6<br>6<br>6<br>6 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Нарын ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Сарыарқа ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Өркен ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Тарлаулы ауылдық округі мемлекеттік мекеме<br>Тарбағатай ауылдық округі мемлекеттік мекеме | - / / -<br>- / / -<br>- / / - | - / / -<br>- / / -<br>- / / - | 6<br>6<br>6<br>6<br>1 2<br>6<br>1 2<br>6 | 6<br>6<br>6<br>6<br>1 2<br>6<br>1 2<br>6 | жергілікті бюджет |
| 2 | «Қалалық үйкомшарқұрылыс» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын | Қала тазалығы, әлеуметтік мәдени объектілерді, құрылыс жұмыстарына қатысу, сәулет, ескерткіштер, кешен аумақтарын қалпына келтіруге қатысу, мәдени шараларды ұйымдастыруға көмек көрсету, | 1868 мың шаршы метр, мерекелерге алаңды дайындау, қала бойынша күл-қоқыс шығару | 245 | 245 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | шаруашылық жұмыстар, жол жөндеу | | | | жергілікті бюджет |
| 3 | «Аягөз су» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын | Су құрбылары, канализация жүргізу жұмыстарына байланысты қосалқы жұмыстар, бас каналдардың көздерін, арық, өзендерді тазалау жұмыстары, көпірлер құрылысына қатысу | 300 құдықтың жөндеу жұмыстары | 20 | 20 | жергілікті бюджет |
| 4 | «Аягөз қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) | Әскерге шақырушылардың құжаттарын хаттау | 20 істен, 20 әскерге шақырылушыны шақыру | 4 | 4 | жергілікті бюджет |
| 5 | Аягөз аудандық салық басқармасы (келісім бойынша) | Хабарламаларды тарату, сұраныстарды таратып, жауабын алу, мұрағат құжаттарын түгендеуге қатысу, салық төлеу нөмері мағлұматтарын салыстыру жұмысы | 700 хабарлама, 200 салық ісі, 800-ден астам хат, хабарлама | 15 | 15 | жергілікті бюджет |
| 6 | Аягөз ауданы әкімінің аппараты | Көгалдандыру жұмыстары, киім ілгіш қызметі, хат-хабарларды жеткізу | 50-60 құжат | 6 | 6 | жергілікті бюджет |
| 7 | «Ақтоғай коммуналдық шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын | Аумақ тазалығы, құрылыс жұмыстарына, әлеуметтік мәдени объектілерді жөндеуге қатысу, шаруашылық жұмыстар, жол жөндеу | 620 мың шаршы метр, мерекелерге алаңды дайындау, кент бойынша күл-қоқыс шығару | 16 | 16 | жергілікті бюджет |
| | Аягөз аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік | Барлық түскен өтініштерді тіркеуге көмектесу | 1000 өтініш, 2000 балалар жәрдемақысына | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | бағдарламалар бөлімі | , науқандық жұмыс | өтініш, өтініштерді тіркеу | 14 | 14 | жергілікті бюджет |
| 9 | Аягөз қаласы әкімінің аппараты | Жеке тұлғаларды тіркеу базасына арналған әділет басқармасынан мәліметтерді жинауға қатысу, тұрғындарға хабарлама тарату, жәрдемақы алушыларды журналға тіркеу, мал басы санын республикалық базаға енгізуге қатысу, мекеме тазалығы, аумақ тазалығы | Хабарлама 150, журналға тіркеу 400, базаға енгізу 1000 | 12 | 12 | жергілікті бюджет |
| 10 | Аягөз ауданының ішкі істер бөлімі ( келісім бойынша) | Тұрғын үй иелеріне кіріп аралау, сұраулар жүргізу, құжаттармен жұмыс жасауда көмек | Қала тұрғындарына қызмет көрсету | 20 | 20 | жергілікті бюджет |
| 11 | Аягөз көші-қон полиция бөлімі ( келісім бойынша) | Ағымдағы құжаттармен жұмыс істеуге көмектесу, статистикалық есепті енгізуде және дайындауда көмектесу, хат-хабарларды жеткізу | 300 өтініш, 400 парақ, 150 іс құжаттары, 50 әкімшілік хаттамалар | 8 | 8 | жергілікті бюджет |
| 12 | Аягөз ауданының статистика басқармасы ( келісім бойынша) | Ағымдағы құжаттармен жұмыс істеуге көмектесу, статистикалық есепті енгізуде және дайындауда көмектесу, хат-хабарларды жеткізу | Ағымдағы құжаттармен жұмыс істеу 40 құжат, статистикалық есепті енгізу және дайындау 200 құжат, хат-хабарларды жеткізу 50 құжат | 8 | 8 | жергілікті бюджет |
| | | Зейнетақыны қайта есептеу үшін құжаттарды іріктеуде көмектесу, зейнетақы | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 13 | Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы (келісім бойынша) | істерімен жұмыс істеуге көмектесу, экология бойынша макет істерін өңдеуде көмектесу, ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмыс істеуде көмектесу, хат-хабарларды жеткізу | 400 зейнетақы ісі, 10 макет, 60 құжат | 8 | 8 | жергілікті бюджет |
| 14 | Аягөз аймағы бойынша қаржы полициясы (келісім бойынша) | Мекеме тазалығы, аумақ тазалығы | Тазаланатын аула көлемі 100 шаршы метр | 4 | 4 | жергілікті бюджет |
| 15 | Аягөз аудандық экономика және қаржы бөлімі | Іс қағаздарды номенклатура бойынша жинауда және өңдеуде көмектесу, хат-хабарларды жеткізу | 70 құжат, хаттар 200 дана | 8 | 8 | жергілікті бюджет |
| 16 | Аягөз ауданының әділет басқармасы ( келісім бойынша) | Электрондық базасына арналған құжаттарды өңдеуге қатысуда көмектесу | 400 құжат | 8 | 8 | жергілікті бюджет |
| 17 | Аягөз аудандық а у ы л шаруашылығы және ветеринария бөлімі | Құжаттармен жұмыс жасауға көмектесу | 50-60 құжат | 4 | 4 | жергілікті бюджет |
| | Барлығы | | | 550 | 550 | |

*Қоғамдық жұмыстардың нақты шарты:*

Жұмыс аптасының ұзақтығы 5 күнді құрайды, екі демалыс күн беріледі, 8 сағаттық жұмыс күні, түскі үзіліс 1 сағат, жұмыс уақытын есептеу табелінде көрсетілген дәлелді жұмыс істеген уақыты арқылы жұмыссыздың жеке шотына аудару жолымен жүзеге асырылады және орындалатын жұмыстың мөлшеріне, сапасына, күрделілігіне байланысты; еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық, арнайы киіммен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, уақытша жұмысқа жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеу, денсаулыққа мертігу немесе басқа зақымдану салдарынан келтірілген зияндардың орнын толтыру, зейнетақы және әлеуметтік ақша аударулар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүргізіледі. Қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін (кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерге, көп балалы аналарға, он сегіз жасқа толмаған тұлғаларға,

мүгедектерге) қоғамдық жұмыстардың шарттары сай келген санаттың еңбек шарттарының ерекшеліктерін ескерумен анықталады және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасында жасалатын еңбек шарттарымен қарастырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК